



**«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

УСТАВ

**Коммунального государственного казенного предприятия
«Ясли-детский сад «Балауса» государственного
учреждения «Отдел образования по Коксускому району
Управления образования области Жетісу»**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ Алматы облысы бойынша филиалының Коксу аудандық Тіркеу және жер кадастры бөлімі	
ЗАНДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ	
20 <u>02</u> ж. <u>09</u> айы <u>08</u> күні	ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН <u>111040004592</u>	
Тіркеу № <u>28-1404-10-1100-4K</u>	
Бастапқы тіркелген күні	
20 <u>11</u> ж. <u>09</u> айы <u>10</u> күні	

**«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Көксу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы №290 қаулысымен құрылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Жетісу облысының әкімдігі (әрі қарай - Құрылтайшы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

5. Тиісті салаға (аяға) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқару органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: «Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері индексі: 041204, Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Алғабас ауылы, Батыржан көшесі, №38.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды ұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес илиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге

жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, балалардың зияткерлік және адамгершілік қасиеттерін дамыту болып табылады.

13. Кәсіпорынның негізгі мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт-дәстүрлері негізінде салауатты өмір салтының құндылығын қалыптастыру, толыққанды физикалық дамуы, баланың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуының кешенді сүйемелдеуін қамтамасыз ету және толыққанды кеңістігін құру;

3) сауат ашудың негізін меңгеруге дайындық, қарым-қатынас мәдениеттілігін, ана тілі мен тілді дамыту;

4) Қазақстандық қоғамда қалыптасқан адам тәртібінің жағымды бейнесіндегі ұлттық салт-дәстүрлерімен, тәртіп ережелерімен, нормаларымен мектеп жасына дейінгі баланың танымдық бағдарын, құндылығын қалыптастыру;

5) Отанын, туған өлкесін сүйуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, отбасына, қоршаған ортаға, әртүрлі ұлттың адамдарына адамгершілік қарым-қатынасын тәрбиелеу;

6) балада өзі туралы бастапқы ұғымдарын, қоршаған ортаның бүтіндей бейнесін, жақын арадағы әлеуметтік айналасын қалыптастыру;

7) баланың танырлық дамуын, зияткерлік іс-әрекетінің тәсілін қалыптастыру, білімқұмарлығын дамыту;

8) балада бейнелеу, әдеби-сөз, музыкалық іс-әрекетінде эстетикалық сезімінің шығармашылық қабілеттерін дамыту;

9) мектептің заманауи талаптарына сай мектептегі оқуға және олардың әлеуметтік бейімделуіне мектепалды даярлау топтарында балаларды сапалы дайындауды қамтамасыз ету.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын орындау;

2) заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдай мен оқу-тәрбие барысына қойылатын талаптарға сәйкес даму пәндік-кеңістік ортаны қамтамасыз ету;

3) оқу үрдісін жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін Кәсіпорынның оқу-әдістемелік және материалдық базасын жаңарту;

4) арнайы сабақтар, жеке жұмыс және ойын ұйымдастыру арқылы балаларды психикалық және дене шынықтыру жағынан дамыту;

5) құзырлық қайнар көзін қалыптастыратын, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларына, вариативтік және авторлық бағдарламаларына сәйкес балалардың қызығушылығын қанағаттандыру және қабілеттерін дамыту;

6) баланы тәрбиелеу жоспарындағы ата-аналардың (занды өкілдердің) тілектерін қанағаттандыру.

7) мектепке дейінгі мекемеге бармайтын балалар үшін мерекелер, ертеңгіліктер және басқа да мәдени ойын-сауық сипатындағы іс-шараларды өткізуді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы білім беру және сауықтыру қызметін көрсетуді.

9) Кәсіпорын мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандартына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ бір шет тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етеді.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шектеулі қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі уәкілетті органның, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру тапсырысын орындау міндетті болып табылады.

Кәсіпорын тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету) сатып алушы немесе сатушы ретінде шарт жасаған жағдайда, егер бұл шарттар мемлекет тапсырысында қарастырылса, бас тарта алмайды. Кәсіпорынға мемлекеттік білім беру тапсырысы басқару орган арқылы жеткізіледі. Мемлекеттік білім беру тапсырысымен қамтылмаған өнім (жұмыс, қызмет көрсету) басқару органның келісімі бойынша Кәсіпорынның өз бетімен іске асырылады.

18. Кәсіпорынның жарғылық емес қызметіне жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті, еңбек міндеттемелерін бұзушылық болып табылады әрі тәртіптік және материалдық шараларды қолдануға тартылады.

19. Кәсіпорынға балаларды қабылдау

Кәсіпорын басшысы (менгерушісі) баланы:

1) Кәсіпорынға алуды жолдама, баланың даму тарихының үзіндісі негізінде қабылдайды;

2) Тәрбиеленушілердің жас құрамы бойынша - 2 (екі) жастан 6 (алты) жасқа дейін.

20. Баланың соңынан орны Кәсіпорында мына жағдайларда сақталады:

1) бала ауырып қалғанда;

- 2) карантин кезінде;
- 3) баланы медициналық, санаторлық-шипажайлық және өзге де ұйымдарда емдеу және сауықтыру;
- 4) ата-анасының (заңды өкілі) біреуіне еңбек демалысы берілгенде және ата-анасының себепті жағдайлармен уақытша болмауы (ауру, іссапар, оқу т.с.с.);
- 5) ата-анасының демалысының ұзақтығына байланысты емес, жазғы кезде бір айға дейінгі мерзімімен баланы сауықтыру кезінде.

21. Басқару органның келісімі бойынша басшы (менгеруші) балаларды Кәсіпорыннан мына жағдайда тізімнен шығарады:

1) баланы Кәсіпорында ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақтылы төленбегенде (төлемақыны белгіленген мерзімнен 15 күнтізбелік күннен астам кешіктіру);

2) бала дәлелсіз себеппен және әкімшілікті ескертпей балабақшаға бір айдан астам келмегенде;

3) баланың Кәсіпорынға келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болғанда. Ата-аналар (заңды өкілдер) баланың Кәсіпорынның тізімінен шығарылатындығы туралы 10 күн бұрын хабардар етіледі.

22. Ақылы қызмет көрсету тәртібі

1) Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы білім беру және сауықтыру қызметін көрсетуге құқылы.

2) Мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында қаржыландырылатын ақылы білім беру қызметтері негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

Ақылы қызмет көрсетуге жатады:

- репетиторлық қызмет көрсету (мектепке дейінгі мекеменің даярлық топтары үшін пәндер бойынша бөлінген сағат санынан артық қосымша сабақтар өткізу);

- балалардың денсаулығын қорғау мен нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету;

- үйірме жұмысын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету (базистік оқу жоспарынан тыс);

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да ақылы қызмет көрсетулер (шет тілдерін үйрету, хореография, музыка, домбыра, спорт үйірмелерін ұйымдастыру, медициналық, балалар дәрігерінің қызметтерін көрсету).

23. Ақылы білім беру қызметтері Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.

24. Кәсіпорын ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыс және қызмет көрсету) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

25. Тізімде әзірленген оқу жұмыс жоспары (бағдарламасы) тәрбиеленушілерге ақылы білім беру қызметтері ата-аналарының (занды өкілдері) тілегі бойынша Кәсіпорын мен тәрбиеленушінің ата-аналары (занды өкілдері) арасында жасалған шарт негізінде жеке кесте бойынша ұсынылады.

26. Кәсіпорын мен кәсіпорынға баратын балалардың ата-аналары арасындағы қарым-қатынас шарттық негізде жүзеге асырылады. Тәрбие-білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың (бұдан әрі – шарт) тараптары тәрбие-білім беру процесіне қатысушылар: меңгеруші тұлғасындағы кәсіпорын әкімшілігі, ата-аналар (немесе өзге де заңды өкілдер) болып табылады. Шарт жазбаша нысанда жасалады және кәсіпорын жұмысының ерекшелігіне және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес барлық елеулі талаптарды қамтуға тиіс.

27. Тәрбиелеу-білім беру үрдісін ұйымдастыру

28. Кәсіпорында оқыту және тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

29. Кәсіпорынның тәрбиелеу-білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбиенің, оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленген бағдарламалары мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Оқу - тәрбие жұмысын жоспарлау, бақылау және сараптау тәрбиелеу-білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

Оқу - тәрбие барысы тәрбиеленушілер мен педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір - қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

31. Тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдік және психологиялық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

32. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен тиімді оқу-тәрбие барысын қамтамасыз ету үшін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру) педагогтарға баламалы авторлық бағдарламаларды таңдау, қолдану, тәрбиелеу, оқыту мен сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

33. Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектептегі оқуға бес жастан бастап мектепалды даярлық түрінде жүзеге асырылады.

Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің оқу жүктемесі, сабақтың тәртібі мен ұзақтығы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандарттары негізінде әзірленген Кәсіпорын бекітетін ережелерде белгіленеді. Ұйымдастырлыған оқу қызметінің кестесі, үзілістің ұзақтығы балалардың белсенді демалуына жеткілікті болуын қарастырады.

34. Педагогтар бағдарламаны таңдауға және оны шығармашылық қолдану құқығына ие.

35. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі педагогикалық кеңесінде қаралып бекітіледі, уақыты маусымға сәйкес өзгеруі мүмкін.

36. Балалар, ата-аналар (заңды өкілдер), тәрбиешілер мен педагогтар оқу-тәрбие барысының негізгі қатысушылары болып табылады.

37. Кәсіпорында әр балаға мынадай кепілдіктер беріледі:

- 1) оның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- 2) оның қадір-қасиетін қорғау;
- 3) физикалық, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық түрлерінен қорғау;
- 4) мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандарттарына сәйкес оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;

5) сапалы мектепалды даярлау;

6) бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

38. Ата-аналар (заңды өкілдері) құқылы:

1) баланың денсаулығының жай-күйін, ниетін, жеке ерекшеліктері мен бейімділігін ескерумен мектепке дейінгі ұйымды таңдауға;

2) педагогикалық кеңестің, мектепке дейінгі ұйым кеңесінің, ата-аналар комитетінің жұмысына қатысуға;

3) балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша әдістемелік ақыл-кеңес көмегін алуға;

4) балалардың бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі, мінез-құлқына қатысты ақпарат алуға;

5) осы Жарғыда, Кәсіпорын мен ата-ана (заңды өкіл) арасындағы шартта белгіленген шекте балаға дұрыс қарауды, күтуді, тәрбиелеу мен дамытуды талап етуге;

6) Кәсіпорында балалармен жұмысты жақсарту және қосымша қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;

39. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

1) олардың құқығы мен міндеттеріне қатысты Жарғыны және ішкі еңбек тәртібі ережесін орындауға;

2) балалардың өмірі үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене-тұлғалық мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

3) оқу-тәрбие барысында және бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуде Кәсіпорын педагогтарымен қызметтесуге;

4) баланың келуін қамтамасыз етуге;

5) Кәсіпорында баланы күтіп-ұстау үшін уақтылы ақы төлеуге.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

34. Педагогтар бағдарламаны тандауға және оны шығармашылық қолдану құқығына ие.

35. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі педагогикалық кеңесінде қаралып бекітіледі, уақыты маусымға сәйкес өзгеруі мүмкін.

36. Балалар, ата-аналар (заңды өкілдер), тәрбиешілер мен педагогтар оқу-тәрбие барысының негізгі қатысушылары болып табылады.

37. Кәсіпорында әр балаға мынадай кепілдіктер беріледі:

1) оның өмірі мен денсаулығын сақтау;

2) оның қадір-қасиетін қорғау;

3) физикалық, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық түрлерінен қорғау;

4) мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандарттарына сәйкес оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;

5) сапалы мектепалды даярлау;

6) бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

38. Ата-аналар (заңды өкілдері) құқылы:

1) баланың денсаулығының жай-күйін, ниетін, жеке ерекшеліктері мен бейімділігін ескерумен мектепке дейінгі ұйымды тандауға;

2) педагогикалық кеңестің, мектепке дейінгі ұйым кеңесінің, ата-аналар комитетінің жұмысына қатысуға;

3) балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша әдістемелік ақыл-кеңес көмегін алуға;

4) балалардың бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі, мінез-құлқына қатысты ақпарат алуға;

5) осы Жарғыда, Кәсіпорын мен ата-ана (заңды өкіл) арасындағы шартта белгіленген шекте балаға дұрыс қарауды, күтуді, тәрбиелеу мен дамытуды талап етуге;

6) Кәсіпорында балалармен жұмысты жақсарту және қосымша қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;

39. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

1) олардың құқығы мен міндеттеріне қатысты Жарғыны және ішкі еңбек тәртібі ережесін орындауға;

2) балалардың өмірі үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене-тұлғалық мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

3) оқу-тәрбие барысында және бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуде Кәсіпорын педагогтарымен қызметтесуге;

4) баланың келуін қамтамасыз етуге;

5) Кәсіпорында баланы күтіп-ұстау үшін уақтылы ақы төлеуге.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

40. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

3) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды.

41. Басқару органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

7) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

42. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады.

43. Басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

44. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

45. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) Кәсіпорынның басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

46. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

47. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

48. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

49. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

50. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

51. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

52. Жедел басқару мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

53. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін бақаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

Кәсіпорынның жарғылық капиталы 13 480 714 (он үш миллион төрт жүз сексен мың жеті жүз он төрт) теңгені құрайды.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

55. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

56. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 154 - бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

57. Кәсіпорын осы Жарғының 31 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

58. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

59. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

60. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

61. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

62. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып

қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп кағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

63. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жедел басқару құқығындағы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

64. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептілікке сәйкес басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

65. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

66. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

67. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

68. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын басқару органы белгілейді.

69. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

70. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

71. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

72. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

73. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

74. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

75. Кәсіпорынның Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімімен «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жүктелген.

УСТАВ

Коммунального государственного казенного предприятия «Ясли-детский сад «Балауса» государственного учреждения «Отдел образования по Коксускому району Управления образования области Жетісу»

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-детский сад «Балауса» государственного учреждения «Отдел образования по Коксускому району Управления образования области Жетісу» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно - правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано постановлением акима Коксуского района №290 от 31.08.2011 года.

3. Учредителем Предприятия является акимат области Жетісу (далее - Учредитель).

4. Права субъекта права государственной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Учредитель.

5. Уполномоченным органом по руководству соответствующей отраслью (сферой) является государственное учреждение «Управление образования области Жетісу». Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Отдел образования по Коксускому району Управления образования области Жетісу» (далее – орган управления).

